

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022
ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеишова – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_70-80

FTAMP 03.29.00

1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Н.К. Дүйсенова¹, Смағұлов Б.Қ.^{2*}

¹ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы;

²ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мемлекеттік орталық музейі, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: nur_sulu18@mail.ru (Дүйсенова), bolat.qudaibergenuly@gmail.com (Смағұлов).

Аңдатпа. Мақалада 1930-1950 жылдардағы Қазақстан музей мекемелерінің қалыптасуы мен дамуы процесіне талдау жасалады. Мұрағаттық деректердің негізінде музей іс-қызметінің тарихы қаралған, отандық музей ісі дамуының проблемалары сипатталады. Музейлердің мысалында музей жұмысының саласы, музейлердің жағдайы, музейдің іс-қызметіндегі «кеңес» моделінің рөлі, орны, даму кезеңдері, ерекшелігі, музей қызметкерлерінің кадрлық құрамына қатысты проблемалар, республиканың музейлі мекемелерін қаржыландыру және ұйымдастырудағы қиындықтар қаралады. Қазақстанда 1930 жылдары музейлік стандарттардың өзгеруіне әсер еткен саяси факторларды зерттеуге назар аударылады. 1940 жылдардың аяғында КСРО-да орын алған кезекті саяси қуғын-сүргінге байланысты Қазақстандағы музей саласындағы процестерге талдау жасалады. Атап айтқанда, белгілі тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың саяси қуғын-сүргінге ұшырағанының Мемлекеттік орталық музейді көп жылдар бойы басқарған Ә.М. Жиреншиннің тағдырына қалай әсер еткені қаралады.

Түйін сөздер: Қазақстанның орталық музейі, саяси қуғын-сүргін, Ә.М. Жиреншин, музейлердің дамуындағы тенденциялар, материалдық-техникалық база.

МРНТИ 03.29.00

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930 – Х – 1950 – Х гг.

Н.К. Дуйсенова¹, Б.Қ. Смагулов^{2*}

¹Институт истории и этнологии Комитета науки Министерства науки
и высшего образования РК, Қазақстан, Алматы;

²Центральный государственный музей Республики Казахстан Министерства культуры
и спорта Республики Казахстан, Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: nur_sulu18@mail.ru (Дуйсенова), bolat.qudaibergenuly@gmail.com (Смағұлов).

Аннотация. В статье анализируется процесс становления и развития музейных учреждений Казахстана в 1930 – 1950 гг. На основе архивных источников прослеживается история музейной деятельности, характеризуются проблемы развития отечественного музейного дела. На примере музеев рассматриваются сфера музейной работы, состояние музеев, роль, место, этапы развития, специфика «советской» модели музея, проблемы кадрового состава музейных работников, трудности в финансировании и организации музейных учреждений республики. Также отмечается влияние политических факторов на изменение стандартов музейного дела в 1930-х годах в Казахстане. Дается анализ процессов в музейной сфере Казахстана в связи с имевшими место в

конце 1940-х годов очередными политическими репрессиями в СССР. В частности, рассматривается влияние политических репрессий, которым подвергся известный ученый-историк Ермухан Бекмаханов, на судьбу А.М. Жиренчина, возглавлявшего на протяжении многих лет Центральный государственный музей.

Ключевые слова: Центральный музей Казахстана, политические репрессии, А.М. Жиренчин, тенденции развития музеев, материально-техническая база.

IRSTI 03.29.00

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.

N.K. Düisenova¹, B.Q. Smagulov^{2*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty;

²Leading Researcher, Central State Museum of the Ministry of Culture and Sport of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: nur_sulu18@mail.ru (Düisenova), bolat.qudaibergenuly@gmail.com (Smagulov).

Abstract. The article analyzes the process of formation and development of museum institutions of Kazakhstan in the 1930-1950s. On the basis of archival sources, the history of museum activity is traced, the problems of the development of an interitive museum affair are characterized. On the example of museums, the field of museum work, the state of museums, the role, place, the stages of development, the specifics of the “Soviet” model of the museum, the problems of the personnel of museum workers, difficulties in financing and organizing museum institutions of the republic are considered. The influence of political factors on changing the standards of museum affairs in the 1930s in Kazakhstan is also noted. The analysis of the processes in the museum of Kazakhstan is given in connection with the next political repression in the USSR in the late 1940s. In particular, the influence of political repressions is considered, which was subjected to a famous historian Yermukhan Bekmakhanov, to the fate of A.M. Jirenschin, who for many years headed the Central State Museum.

Key words: The Central Museum of Kazakhstan, political repression, A.M. Jirenschin, museum development trends, material and technical base.

Қысқашы. Қазіргі таңда музейлер мәдениет тарихының бір бөлігі ретінде Қазақстан тарихының да ажырамас бөлігі болып табылады. Өткені музейдің тарихында бүкіл елдің өткені көрініс тапқан. Музей саласының тарихын зерттеу екі түрлі мағынаға ие. Ғылыми тұрғыдан айтатын болсақ, белгілі бір саланың тарихын зерттегенде, сол саланың тарихи дамуындағы заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді. Яғни зерттеу барысында музей саласының дамуындағы негізгі кезеңдерін айқындау, тарихи даму процесінде соған әсер еткен факторларды зерттеу, сондай-ақ музей саласында орын алған ішкі өзгерістерді анықтау, біртуар тұлғалар өмір жолының бұрын зерттелмей қалған қырларын баяндау сынды ғылыми проблемаларды зерттеуге болады. Ал енді әлеуметтік жақтан қарасақ, қайсыбір салаға қатысты тарихи мәліметтер музей мекемелерінің нақты іс-қызметінде пайдаланылуы мүмкін (мысалы, жарнама жасағанда). Атап айтқанда, дүниежүзілік практикада музейдің көп жылдық тарихы бар болуы осы музей көрсететін қызметтерінің сапасы да жоғары болатынына кепілдік береді деген ой қалыптасты. Сондықтан белгілі бір саланың тарихын, өткенін зерттеудің мәні зор. Сонымен қатар қазіргі бүкіл әлемдегі жаһандану, «стандартты» өмір салтының таралуы жағдайларында музейлер халықтардың біртіндеп жоғалып жатқан дәстүрлі мәдениетінің элементтерін (дәстүрлі киім-кешек, ая-киім, киіз үйлер және т.б.) сақтайтын мекемелер болып табылады. Ал кез келген халықтың дәстүлі

мәдениетін зерттеу арқылы сол халықтың этногенезі мен этникалық тарихына қатысты маңызды, толғағы жеткен ғылыми мәселелерді шешуге болады.

Осы мақаланың мақсаты – көрсетілген кезеңдегі Қазақстан музей саласыдамуының ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Осы мақалада мәліметтерді жинап, бұларды ғылыми тұрғыдан түсіндіргенде, келесі ғылыми әдістер қолданылды: талдау, синтез әдістері, диахрондық әдіс. Мақаланы жазу үшін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорларында 2021–2022 жылдар аралығында жиналған материалдар пайдаланылды. Атап айтқанда, архивтің 1876–қорындағы тоғыз іс қаралды. Архивтік материалдар (іс-қағаздар, мемлекеттік және партиялық органдардың ресми құжаттары және т.б.) тарихи оқиғаларға жан-жақтан қарауға мүмкіндік беріп, тарихи процестің күрделілігін көрсетеді. Мақала жазу үшін қосымша деректер ретінде осы тақырыптың жекелеген қырларын қозғайтын зерттеушілердің еңбектері де пайдаланылды. Жалпы алғанда, пайдаланылған деректер репрезентативті деп айтуға болады. Өйткені келтірілген архивтік және басқа да деректер осы тақырыптың әртүрлі аспектілерін аша отырып, соның ішкі тетіктері мен заңдылықтарын көрсетеді.

Талқылау. Қазақстандағы музейлер тарихына арналған зерттеулердің басым көпшілігі Мемлекеттік орталық музейдің тарихына қатысты әртүрлі аспектілерді қамтиды. Бұлардың кейбіреулері музейлердің 1920 жылдардың бас кезеңіне дейінгі тарихына арналған (мыс., қараңыз: Кайнарзарова, 1995). М.З. Мусаханованың «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің тарихынан» («Из истории Центрального государственного музея республики Казахстан») атты мақаласында (Мусаханова, 2006) аталған музейдің тарихына қатысты кейбір қызықты фактілер келтірілгенімен, тарихи оқиғалар 1930 жылға дейін баяндалған (Мусаханова, 2006: 93–94), ал енді 1930 жылдан кейінгі оқиғалар туралы айтатын болсақ, автор музейдегі коллекцияларды сиппатаумен ғана шектеліпті (Мусаханова, 2006: 94 – 98).

С.А. Асанованың «XX ғасырдың 40–50 жылдар аралығындағы Мемлекеттік орталық музей (Ә. Жиреншиннің іс-қызметі)» («Центральный Государственный музей в 40–50-е годы XX века (деятельность А. Жиренчина)») мақаласы (Асанова, 2006) негізінен аталған музейді 1942–1951 жылдар аралығында басқарған Ә.М. Жиренчиннің кезіндегі музейде орын алған оқиғаларды сипаттайды. Осы автордың кейінірек шыққан «Қазақстандағы музей ісі тарихының негізгі кезеңдері» («Основные этапы музейного дела Казахстана») (Асанова, 2009) еңбегінде Қазақстандағы музей саласының дамуына әсер еткен факторларға талдау жасалды (Асанова, 2009).

Жоғарыда аталған Ә.М. Жиреншиннің музей тарихын зерттеуге үлес қосқанын да айта кету керек. Оның «Қазақстанның орталық музейі тарихынан» («Из истории Центрального музея Казахстана») (Жиренчин, 1947) деген кішігірім мақаласында көбінесе Орынбордағы өлкелік музейдің тарихы мен соның 1920 жылдардың бас кезеңіндегі Қазақ АКСР музей ісінің қалыптасуына байланысты оқиғалар сипатталады. Атап айтқанда, Ә.М. Жиреншин 1923 жылы Орынбор өлкесінің музейін екіге бөлінгенін баяндады, сонда «экспонаттардың бір бөлігі Орынбор округтік музейіне, ал қазақ халқының тарихы мен этнографиясына, сондай-ақ мәдениетіне тікелей қатысы бар экспонаттар Орталық өлкелік музейдің бөлек қорына берілді» (Жиренчин, 1947: 59).

Қазақстанның музейлер тарихына тікелей арналған жұмыстардың арасынан А. Ибраеваның еңбектерін атауға болады. Оның «Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы (1920–1940 жж.)» (1999) және «Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831–2006 жж.)» (2010) диссертациялық зерттеулерінде Қазақстандағы музей ісінің тарихы жан-жақты зерттелгенімен, біздің ойымызша, кейбір жекелеген аспектілер зерттелмей қалды. Сондықтан осы мақалада сол аспектілерге көңіл бөлуді жөн көрдік.

Нәтижелер. XX ғасырдың 30-шы жылдарында Қазақстандағы қайғылы оқиғаларға қарамастан, 40-шы жылдардың басында Кеңес кезеңінде мәдениет саласындағы сандық көрсеткіштердің қарқынды даму процесі басталды. Мәдениет мекемелерінің, соның ішінде музейлердің саны арта бастайды. 1941 жылға қарай КСРО музейлер саны бойынша жетекші орында болды (Разгон, 1985: 13).

Осы кезеңде Қазақстанда да оң өзгерістер байқалды. 20-шы жылдары қазақ мәдениетінің жаңғырғаны белгілі, 30-шы жылдардағы қуғын-сүргінге қарамастан, қазақ халқы дамудың сарқылмас әлеуетін көрсетті. Осы тұста жетекші оқу орындары (мемлекеттік университет, ауыл шаруашылығы, медициналық және педагогикалық институттар) ашылды, 1932 жылы академиялық базаны, содан кейін КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалын (1938 ж.) құру арқылы отандық ғылымның негіздері қаланды. Республиканың музей желісі өсіп, кеңейе бастады. Алайда, музей ісінің қарқынды дамуы Ұлы Отан соғысының басталуымен үзіліп, Кеңес одағының музей ісіне үлкен зиян келтірді.

Соғыс қимылдары мен оккупация аймағындағы көптеген музейлердің қирауына немесе тоналуына байланысты тікелей экономикалық шығындардан басқа, музей жұмысындағы сапа көрсеткіштерінің төмендеуіне әкелді. Ең алдымен, бұл – қаржыландырудың қысқаруы, материалдық-техникалық базаның әлсіреуі, кадрлық шығындар. Музей жұмысындағы бұл жағымсыз үрдістер Қазақстандағы музей мекемелерінің жағдайына теріс әсер етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан тыл болды. Қазақстан музейлері соғыс жылдарында қиратылып жойылмады, бірақ олардың көпшілігі қатаң әскери себептерге байланысты жабықнемесе кадрлық шығындар болды. Көптеген білікті жұмысшылар, ең алдымен ер адамдар әскер қатарына шақырылды. Олардың көпшілігі оралмады. Соғыс жылдарында кеңестік басқару жүйесінің негізгі қағидасы жұмысын жалғастырды, оған сәйкес мәдениетке және оның мекемелеріне, соның ішінде музейлерге үстірт көңіл бөлінді. Осының салдарынан оған қатысты қаржыландыру және материалдық-техникалық жабдықтау жеткіліксіз болды. Кеңес қоғамындағы мәдениеттің бұл дәстүрлі жағдайы соғысқа қатысты күрделене түсті, бұл кезде бейбіт уақытта музейлерді қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет қаражатының көп бөлігі қорғаныс қажеттіліктері үшін пайдаланылды.

Қаржыландырудың болмауы музейлердің материалдық-техникалық базасын әлсіретті. Музей ғимараттарында тиісті жөндеу жүргізілмей тозған және апатты жағдайда болды. Барлық облыстық музейлер күрделі жөндеуді қажет етті. Әсіресе Қарағанды, Жамбыл (Тараз), Қызылорда, Ақтөбе облыстық өлкетану музейлерінің жағдайы ауыр болды. Музейлер көбінесе бұрынғы шіркеулер мен мешіттерге орналасты, ол ғимараттар қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келмеді. Мысалы, Гурьев музейі жергілікті шіркеу бөлмелерінің бірінде орналасқан (ҚР ОМА, 77-іс: 2-п.). Қазақстанның көптеген музей-үй-жайы госпитальдарға және басқа да қорғаныс мекемелеріне берілді, ал кейбіреулері мүлдем жабылды.

Қазақстанның музей ісіндегі жалпы тенденция музей жұмыстарын қысқарту болды, өйткені «...музейлердің көпшілігі консервацияда, олардың үй-жайында әртүрлі ұйымдар орналасқан» (Мәдени-ағарту комитеті төрағасының орынбасары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Г. Қапарованың жазбасынан) (ҚР ОМА, 295: 8-п.). Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанның музейлер желісінің қысқартылуы төмендегідей болды. Соғыстың басында Қазақстанда 26 музей болса, 1945 жылдың аяғында республикада бар болғаны 18 музей қалды. Олар – Қазақ КСР Орталық мемлекеттік музейі мен 11 облыстық, 5 аудандық музей (ҚР ОМА, 42: 5-п.). 1942 жылы Өскемен, Орал қалаларындағы музейлер жабылып, олардың үй-жайлары түрлі қорғаныс мекемелеріне берілді. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимараты 1943 жылы әскери бөлімнің орналасқан жеріне берілді (ҚР ОМА, 78: 131-п.).

Соғыс жылдарында республиканың музей қорына айтарлықтай зиян келді. Соғыс жылдарында «барлық облыстық және аудандық музейлер жабылды, олардың үй-жайлары басқа ұйымдарға берілді» және «...бастапқы есепке алу құжаттарының жойылуымен материалдық құндылығы бар музей қорлары жоғалған» (ҚР ОМА, 295: 8-п.). Кеңес шенеуніктерінің есептеріне сәйкес «... соғыс кезінде республиканың көптеген музейлерінің қорын есепке алу және сақтау өте нашар болды, сондықтан көптеген экспонаттар мен кітаптар жарамсыз болып қалды, сонымен қатар ұрлық орын алды. Мысалы, қолда бар деректер бойынша Ақмола облыстық музейінде ол жабылғанға дейін 2000 экспонат болған, 01.01.1943 жылғы деректер бойынша олардың бар болғаны 15-і қалған. Семей музейін тексеру барысында көптеген экспонаттары мен кітаптары толығымен жарамсыз болып, олардың бір бөлігі тоналып, музей құндылықтарын есепке алу кітаптары да жойылғаны анықталды. Қостанай музейінде 1944 жылға дейін инвентарлық кітап

басталмаған. Музейдің бұрынғы директоры жолдас Сташевский қабылдау актілерін қолданған. Басқа музейлерде есепке алу және сақтау жақсы жағдайда болмаған. Орталық тарихи-өлкетану музейін қоспағанда, музей қорлары өте шектеулі. Мәселен, республиканың барлық музейлерінде 32 950 жәдігер мен 36 951 дана кітап бар. Соғыс жылдарында және соғыстан кейін қоғамдық құрылыс бөлімдерін есептемегенде, музей қорлары толықтырылмады» (ҚР ОМА, 234: 12-п.).

Әскерге жұмылдырумен байланысты әсіресе кадрлық шығындар ауыр болды. Нәтижесінде музей қызметкерлеріне қойылатын қарапайым талаптарға сай келмейтін адамдар жұмысқа тартылды. Мәдени-ағарту мекемелер істері жөніндегі комитет қызметкерінің есебінде былай беріледі: «14 областных музеев 64% работников не имели высшего образования. Были и такие музеи, в которых руководящие должности занимают люди, совершенно не разбирающиеся в музейном деле и не имеющие хотя бы среднего образования, например: в Павлодарском областном музее директор имеет только 3-х классное образование. В большинстве музеев отсутствуют люди с высшим образованием, отчего научно-исследовательская работа музеев не проводится. Встречаются только единицы людей знающих и любящих свое дело. Со специальным музейным образованием людей в музеях нет, за исключением 4-х человек, прошедших краткосрочные музейные курсы. Ограниченность штатов в музеях, в частности, отсутствие в большинстве музеев научных работников мешает по-настоящему развернуть работу музеев, поставить это культурно-просветительное и научно-исследовательское учреждение на должную высоту. Надо сказать, что укомплектованность штатов в музеях должными работниками затрудняется вопросом чисто материального характера, именно заработной платой. Зачастую работник соответствует своему назначению, но низкая зарплата заставляет его брать работу дополнительно в ущерб работе музея» (ҚР ОМА, 234: 12-п.).

Соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда музейлердің штаттары едәуір қысқарды. «Егер соғысқа дейін музейлерде 187 адам жұмыс істесе, қазіргі уақытта 135 адам жұмыс істейді, ал музей қызметкерлерінің жұмыс көлемі штаттардың қысқаруына байланысты өсті. Қазіргі уақытта облыстық музейлердің штаты орта есеппен 3–6 адамнан тұрады, орташа жалақысы 450 – 550 сом (ҚР ОМА, 171: 189–190-пп.).

Әскери жағдай музей жұмысының бағыты мен мазмұнын да өзгертті. Музейлердің негізгі міндеттері – үгіт-насихат жұмыстары, сондай-ақ жергілікті өнеркәсіптің қажеттіліктері үшін табиғи ресурстарды анықтауға және пайдалануға және соғыс туралы материалдар жинауға бағытталған өлкетану жұмыстары болды. Қазақстандағы музейлердің барлығы бірдей бұл жұмысқа белсене қатыса алмады, өйткені олардың көпшілігі жабылды. Бұл тұрғыда Орталық музейдің жұмысы маңызды болды. 1942 жылдың соңында музейде «Соғыс күндеріндегі Қазақстан» атты тұрақты экспозициясы құрылды. Музей қорларын толықтыру жұмыс жалғастырылды. «Бірнеше мың құнды материалдар жиналды: фотосуреттер, құжаттар, майдан газеттері мен парақшалары, жауынгерлік мінездемелер, хаттар және тағы басқа құжаттар. Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары, 8-ші гвардиялық дивизияның даңқты командирі И. Панфилов, бірінші генерал-қазақ Шакир Жексенбаев, екі мәрте батырлар Т. Бигелдинов, С. Луганский туралы материалдары жиналды. Орталық мемлекеттік музей ұжымы жиналған материалдар (фото және құжаттар) негізінде «Сегізінші гвардиялық дивизия» (5 жинақ) үлкен деректі – көркем альбомын және «Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары» көркем альбомын басып шығаруға дайындады. «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды (ҚР ОМА, 78: 28-п.). Сондай-ақ, музей қоры неміс қару-жарақтары мен әскери жабдықтардың сирек кездесетін коллекциясымен толықтырылды. Бұл экспонаттар 8-ші гвардиялық дивизияның әскери олжалары еді оларды ЦОКС (Орталық Біріккен киностудия) қызметкерлері музейге тапсырды. Бүгінгі таңда бұл коллекция музейдің қару-жарақ қорының мақтанышы болып табылады. Көптеген республикалық музейлер санының азаюы мен материалдық-техникалық жағдайының нашарлауына қарамастан, қиын жылдарда Қазақстанда бірнеше жаңа музей ашылды. Осылайша, 1942 жылы геологиялық музей құрылды, ол геологиялық ғылымдар институтының бөлімі болды. Қазіргі атауы – Академик Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық музейі. Онда Қазақстанның геологиясы мен пайдалы қазбаларының материалдары жинақталған. 1942 жылы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізі қаланды. Музей қорында 28

мыңнан астам сақтамбірлік болды, олар: жаратылыстану-ғылыми материалдар коллекциялары, палеонтологиялық, археологиялық (тас құралдарының жекелеген түрлері, қола дәуірінің ыдыстары, X ғасырға жататын тас мүсіндер), этнографиялық (ұлттық киім, жиһаз, ыдыс-аяқ, музыкалық аспаптар, Екібастұздың төңкеріске дейінгі шахтасынан шыққан тұрмыстық заттар, 1917 жылғы тоқыма станогы және басқалар), нумизматикалық (Ресей және КСР монеталары, шет елдердің монеталары, белгішелер, ордендер, КСРО медальдары, жетондар, Павлодар облысының, Қазақстанның, КСРО-ның естелік және мерейтойлық медальдары), бонистік (лотерея билеттері, облигациялар, қағаз ақша белгілері), қару-жарақ, әскери жабдықтар, киім-кешек, өлкетанушы және музейдің бірінші директоры Д.П. Багаевтың фотосуреттері мен фотонегативтері. Тұтастай алғанда, соғыс жылдарында республиканың музей ісін дамытуда қандай да бір елеулі өзгерістер болған жоқ. Шын мәнінде, XX ғасырдың 40-жылдарына қарай музейдің кеңестік моделі толығымен қалыптасты. 1930 жылдары музейлердің жұмысына қойылатын жалпы талаптар іс жүзінде өзгерген жоқ. Ақыры оларды мәдени-ағарту мекемелері жүйесіне көшіру жүзеге асырылды. 1946 жылы «БКП(б) қысқаша курсы» рухында жасалған және еліміздің барлық өлкетану музейлері экспозицияларымен мазмұны біріздендірілген» өлкетану музейлері экспозицияларын құрудың шамамен тақырыптық құрылымы бекітілді. 1947 жылы музейлер басқармасы 80-жылдардың аяғына дейін музей жұмысының құқықтық негізі ретінде әрекет еткен «музей қорларын есепке алу жөніндегі нұсқаулық» пен «негізгі қордың құрамы туралы ережені» әзірледі. Дәуірдің жалпы идеологиялық көңіл-күйі ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан, мәдени мұрадан арылу қажеттілігін жариялаудан тұрды. Сонымен қатар, партиялық функционерлер тарапынан «өндірістік емес салаға» қатысты белгілі бір немқұрайлылық орын алды. Осыған байланысты, жеке музейлер негізсіз жабылды, олардың мәртебесі төмендеді және сәйкесінше бюджеттік шығындар қысқарды және басқа ведомстволарға өткізілді. Осыған байланысты Өскемен облыстық өлкетану музейінде қалыптасқан жағдай ерекше болғанын атап өтудің өзі жеткілікті. 1948 жылдың 26 шілдесінде Өскемен облыстық өлкетану музейінің директоры Т. Коптареєв ҚазССР Кеңес Министрлігі жанындағы мекемелердің мәдени-ағарту ісі комитетінің төрағасы Х. Утеєвке жолдаған жеделхатта «қалалық кеңес музейді сүт дүкеніне ауыстыру туралы шешім қабылдады. Қалалық комитеттің қарсылығына қарамастан, музей сүт дүкенін жөндеуге байланысты ғимаратын босатып, жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды және тек 1950 жылы келушілер үшін қайта ашылды», – деп жазылған (ҚР ОМА, 77: 13-п.). Тағы бір факт – Қарағанды облыстық өлкетану музейі экспонаттарының бір бөлігін қалалық комитет алып, Оңтүстік Қазақстан музейіне тапсырды, ал музей ғимаратында қосымша жергілікті кеңес мекемелері орналастырылды: шегірткемен күресу және ауылдық электр желісін қадағалау үшін экспедициялар басқармасы (ҚР ОМА, 77: 9-п.). «Музейлердің материалдық базасы өте қанағаттанарлықсыз. 20 музейдің ішінде 4 музейдің (Ақтөбе, Гурьев, Шығыс Қазақстан, Көкшетау) үй-жайлары өз мақсатына сәйкес келмейді, ауыстыруды талап етеді, ал 12 музейдің ғимараттары күрделі жөндеуді және оларды музейлердің қалыпты жұмыс істеуі үшін бейімдеуді талап етеді» (ҚР ОМА, 1: 7-п.).

